

4. Мониторинг усвоения детьми с нарушением интеллекта программы в образовательных областях «Коммуникация» и «Социум»: Метод. рекомендации / Халыкова Б.С., Завалишина О.В. – Алматы, 2020.

5. Обучение на дому детей с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования: Метод. рекомендации / Куттыбаева Ж.К., Баймуратова А.Т. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. – 72 с.

6. Организационно-методические основы педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования: Метод. рекомендации / Коржова Г.М., Вишневская Т.А., Баймуратова А.Т., Завалишина О.В. – Алматы, 2020. – 68 с.

7. Педагогическая диагностика (альтернативная оценка) детей с задержкой психического развития в детском саду: Метод. рекомендации / Баймуратова А.Т., Досбол П.Б. – Алматы, 2023. – 70 с.

8. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательном детском саду. Часть I. Ситуационный анализ состояния коррекционно-педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных общеобразовательных организациях Республики Казахстан: Метод. рекомендации / Баймуратова А.Т., Дербисалова Г.С. – Алматы, 2022. – 48 с.

9. Разработка индивидуальных коррекционно-развивающих программ для незрячих детей дошкольного возраста / Вишневская Т.А. – Алматы, 2017.

10. Рекомендации по адаптации образовательных программ для детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования: Метод. рекомендации / Коржова Г.М., Баймуратова А.Т., Вишневская Т.А., Пашигорева И.В. – Алматы, 2019.

11. Об утверждении Перечня документов, обязательных для ведения педагогами организаций дошкольного воспитания и обучения, среднего, специального, дополнительного, технического и профессионального, послесреднего образования, и их формы: Приказ МОН РК от 6 апреля 2020 г. №130 с изменениями согласно Приказу МП РК от 24 февраля 2023 г. №47 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>.

**МРНТИ 14.29.37**

**УДК 376.35**

**DOI 10.51889/2960-1673.2024.78.3.007**

**Аутаева А.Н.,<sup>1</sup> Байдаулетова А.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Заведующая кафедрой специального образования, кандидат психологических наук, ассоц. профессор, [akbota-n@mail.ru](mailto:akbota-n@mail.ru),

<sup>2</sup> Магистрант 2 курса специальности «7М01901 Специальная педагогика», [baidauletova.aigerim@mail.ru](mailto:baidauletova.aigerim@mail.ru)

<sup>1,2</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## **СОЦИАЛЬНОЕ ПОВЕДЕНИЕ ДЕТЕЙ 6-7 ЛЕТ С РАССТРОЙСТВОМ АУТИЧЕСКОГО СПЕКТРА В ИНКЛЮЗИВНОЙ СРЕДЕ ОБУЧЕНИЯ**

### **Аннотация**

В данной статье рассматривается проблема социального поведения детей 6-7 лет с расстройством аутистического спектра (РАС) в условиях инклюзивного обучения. Инклюзивное образование, предполагающее совместное обучение детей с особыми образовательными потребностями и их типично развивающихся сверстников, способствует развитию социальных и коммуникативных навыков у детей с РАС. Основная цель исследования заключается в анализе

особенностей социального поведения детей с РАС в инклюзивной среде и выявления эффективных методов поддержки для их успешной социализации и адаптации в коллективе.

В статье подчеркивается важность структурированных методов поддержки, таких как сенсорная интеграция, визуальные подсказки и ролевые игры, которые способствуют социализации детей с РАС. Также обсуждается роль воспитателей в создании комфортной и предсказуемой образовательной среды, необходимой для успешной адаптации. Основные результаты показывают, что адаптация детей с РАС в инклюзивной среде требует индивидуального подхода и гибкой системы поддержки, учитывающей сенсорные и коммуникативные особенности каждого ребенка.

Научная и практическая значимость работы заключается в обосновании важности инклюзии и предоставлении рекомендаций по адаптации образовательных программ для детей с РАС. Вклад данного исследования состоит в разработке подходов, способствующих улучшению социального взаимодействия и уменьшению уровня стресса у детей с РАС в образовательной среде.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, расстройство аутистического спектра, социализация, методы поддержки, сенсорная интеграция, визуальные подсказки.

## 6-7 ЖАСТАҒЫ АУТИСТИКАЛЫҚ СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ ОРТАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

Аутаева А.Н.,<sup>1</sup> Байдаулетова А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Арнайы педагогика кафедрасының меңгерушісі психол.ғ.к.,  
қауымдастырылған профессор, akbota-n@mail.ru,

<sup>2</sup> 7M01901 Арнайы педагогика мамандығының 2 курс магистранты baidauletova.aigerim@mail.ru

<sup>1,2</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы қ., Қазақстан

### Аннотация

Бұл мақалада 6-7 жастағы аутистикалық спектр бұзылысы (АСБ) бар балалардың инклюзивті оқыту жағдайындағы әлеуметтік мінез-құлқы мәселесі қарастырылады. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар мен қалыпты дамып келе жатқан құрдастарының бірлесіп оқытуын көздейтін инклюзивті білім беру АСБ бар балалардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Зерттеудің негізгі мақсаты – инклюзивті ортадағы АСБ бар балалардың әлеуметтік мінез-құлқының ерекшеліктерін талдау және олардың ұжымға сәтті бейімделуі мен әлеуметтенуі үшін тиімді қолдау әдістерін анықтау.

Мақалада АСБ бар балалардың әлеуметтенуіне ықпал ететін құрылымдалған қолдау әдістерінің, атап айтқанда, сенсорлық интеграцияның, көрнекі нұсқаулар мен рөлдік ойындардың маңыздылығы атап өтіледі. Сонымен қатар, АСБ бар балалардың сәтті бейімделуіне қажетті жайлы және болжамды білім беру ортасын құрудағы тәрбиешілердің рөлі талқыланады. Негізгі нәтижелер АСБ бар балалардың инклюзивті ортаға бейімделуі сенсорлық және коммуникативтік ерекшеліктерін ескере отырып, жеке көзқарас пен икемді қолдау жүйесін талап ететінін көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы инклюзияның маңыздылығын негіздеуде және АСБ бар балаларға арналған білім беру бағдарламаларын бейімдеу бойынша ұсыныстар беруде жатыр. Бұл зерттеудің үлесі АСБ бар балалардың білім беру ортасындағы әлеуметтік өзара әрекеттесуін жақсартуға және олардың күйзеліс деңгейін төмендетуге ықпал ететін тәсілдерді әзірлеу болып табылады.

**Кілт сөздер:** инклюзивті білім беру, аутистикалық спектр бұзылысы, әлеуметтену, қолдау әдістері, сенсорлық интеграция, көрнекі нұсқаулар.

Autaeva A.N.,<sup>1</sup> Baidauletova A.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Head of the Department of Special Education, Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor,  
akbota-n@mail.ru,

<sup>2</sup> 2nd year Master's student in the "7M01901 Special Pedagogy" program, baidauletova.aigerim@mail.ru  
<sup>1,2</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## SOCIAL BEHAVIOR OF CHILDREN AGED 6-7 WITH AUTISM SPECTRUM DISORDER IN AN INCLUSIVE LEARNING ENVIRONMENT

### *Abstract*

*This article addresses the issue of social behavior in children aged 6-7 with Autism Spectrum Disorder (ASD) in the context of inclusive education. Inclusive education, which involves the joint learning of children with special educational needs and their typically developing peers, promotes the development of social and communication skills in children with ASD. The main goal of the research is to analyze the characteristics of social behavior in children with ASD in an inclusive environment and to identify effective support methods for their successful socialization and adaptation within the group.*

*The article highlights the importance of structured support methods, such as sensory integration, visual cues, and role-playing, which contribute to the socialization of children with ASD. It also discusses the role of teachers and educators in creating a comfortable and predictable educational environment necessary for successful adaptation. The key findings show that the adaptation of children with ASD in an inclusive environment requires an individualized approach and a flexible support system that takes into account the sensory and communicative characteristics of each child.*

*The scientific and practical significance of the study lies in justifying the importance of inclusion and providing recommendations for adapting educational programs for children with ASD. The contribution of this research consists of developing approaches that improve social interaction and reduce stress levels in children with ASD in the educational environment.*

**Keywords:** *inclusive education, autism spectrum disorder, socialization, support methods, sensory integration, visual cues.*

### **Кіріспе**

Инклюзивті оқыту ортасында, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, соның ішінде аутизм спектрі бұзылысы (АСБ) бар балалар, қалыпты дамып келе жатқан балалармен бірге оқитын білім беру жүйесі, қазіргі педагогикалық тәжірибенің маңызды бөлігіне айналды. Инклюзияның негізгі мақсаты — барлық балаларға, олардың физикалық немесе психологиялық ерекшеліктеріне қарамастан, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Бұл үлгінің маңыздылығы – АСБ бар балалардың білім беру үрдісіне қатысып қана қоймай, сонымен қатар құрдастарымен өзара әрекеттесу арқылы әлеуметтік және коммуникациялық дағдыларын табиғи ортада дамытуында [1]. Сонымен қатар, инклюзия үрдісі оқу ортасы мен оқыту әдістерін балалардың қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеуді талап ететін бірқатар қиындықтармен қатар жүреді, әсіресе АСБ бар балалар үшін [4, 6, 14].

Аутизм спектрінің бұзылысы әлеуметтік өзара әрекеттесу, коммуникация және мінез-құлық саласындағы айтарлықтай қиындықтармен сипатталады [12]. Бұл ерекшеліктер әсіресе әлеуметтік дағдылар белсенді дамитын 6-7 жас аралығында айқын байқалады. Осы жаста балалар әлеуметтік бейімделудің жаңа кезеңіне өтеді — алғашқы саналы достық байланыстар қалыптасады, балалар топпен қарым-қатынас жасауды үйренеді, сондай-ақ әлеуметтік ережелерді қабылдай бастайды және оларға сәйкес әрекет етеді. АСБ бар балалардың жағдайында бұл дағдылар арнайы дайындық пен қолдауды қажет етеді [9].

Сонымен қатар, АСБ бар балалар жиі сенсорлық шамадан тыс жүктемелерге тап болады. Бұл балалардың сыртқы ынталандыруларға, мысалы, шу, жарық немесе белгілі бір текстураларға сезімтал болуы мүмкіндігімен байланысты. Сыныптың сенсорлық ортасында қатты аландаушылық, мазасыздық және дезориентация тудыруы мүмкін, бұл өз кезегінде қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау және оқу үрдісіне кедергі келтіреді [5, 7, 11].

Соған қарамастан, зерттеулер көрсеткендей, тиісті қолдау көрсетілген жағдайда, инклюзивті оқыту АСБ бар балалардың әлеуметтік дамуын айтарлықтай жақсарта алады. Қалыпты дамып келе жатқан балалармен бірлескен сабақтар әлеуметтік мінез-құлықты

үлгілеу үшін ерекше мүмкіндіктер жасайды, бұл өз кезегінде АСБ бар балалардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу қабілетін жақсартуы мүмкін [3]. Инклюзивті орта балаларға құрдастарының өзара әрекеттерін бақылауға және олардан үлгі алуға көмектеседі, бірақ бұл визуалды нұсқаулықтар, рөлдік ойындар және сенсорлық үзілістер сияқты қосымша бейімделу стратегиялары мен оқыту технологияларын талап етеді.

Koegel, Robert L. және Lynn Kern Koegel зерттеуіне сүйене келе, зерттелетін балалардың оқыту ортасына бейімделу тәжірибиелері инклюзивті білім беруде кешенді тәсілдің қажеттілігін растайды [5]. Бауырымен өзара әрекеттесу, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі, бірақ бауырымен бірге оқыту ортасына көшіру ұстаздардың қосымша күш-жігерін талап етеді. Бұл инклюзивті орта АСБ бар балаларға шын мәнінде пайдалы болу үшін әртүрлі қолдау әдістерін қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу мақсаты — инклюзивті оқыту ортасындағы АСБ бар балалардың әлеуметтік мінез-құлқының ерекшеліктерін қарастырып, олардың әлеуметтенуін жақсартып, ұжымға бейімделуіне ықпал ететін тиімді қолдау әдістерін талқылау.

Зерттеу әдістеріне инклюзивті ортадағы АСБ бар балалардың мінез-құлқын бақылау, ұстаздар мен ата-аналардан сауалнама алу, сондай-ақ қолданыстағы ғылыми деректерге негізделген инклюзияның сәтті тәжірибелерін талдау кіреді.

Мазасыздықты азайту үшін сенсорлық интеграция, қоршаған ортаны жақсы түсіну үшін визуалды нұсқаулар, әлеуметтік дағдыларды дамыту үшін рөлдік ойындар сияқты әдістер қолданылады және дамуы ықпалын анықтау үшін эмпирикалық зерттеу жүргізіледі.

Зерттеу гипотезасы: қолдау көрсетудің құрылымдық әдістерін қолданған жағдайда инклюзивті орта АСБ бар балалардың әлеуметтік өзара әрекетін жақсартып, олардың ұжымға сәтті бейімделуіне ықпал етуі.

### **Әдістер.**

Зерттеулер аясында инклюзивті ортадағы АСБ диагнозы бар балалардың мінез-құлқына егжей-тегжейлі талдау жүргізілді. Жасы 6-7 дегі балалардың инклюзивті оқыту бағдарламасы бар жалпы білім беру мекемесінде оқитын балаларға негізделген. Зерттеу баланың ортадағы және ойын кезіндегі мінез-құлқын бақылауға, сондай-ақ педагогтар мен ата-аналармен сұхбатқа негізделген, бұл оның әлеуметтік дағдыларының өзгеру динамикасы туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді [5, 10].

Зерттеу әдістері:

1. Бақылау: Бала мінез-құлқын әртүрлі жағдайларда — сабақта, ойын кезінде, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде жүйелі түрде бақылау. Бұл әдіс баланың әлеуметтену барысында кездесетін нақты қиындықтарды, сондай-ақ қолданылып жатқан қолдау әдістерінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді [12].

2. Сұхбат: Бала мінез-құлқы туралы оқыту ортасынан тыс ақпарат алу үшін мұғалімдер мен ата-аналармен сұхбат жүргізу. Ата-аналар мен мұғалімдердің баланың әртүрлі жағдайлардағы дамуын бақылау тәжірибесі құнды, өйткені бұл инклюзивті әдістерді қолданудың арқасында қандай өзгерістер болғанын бағалауға мүмкіндік береді [3].

3. Қолдау әдістерін талдау: Баланың құрдастарымен топта бейімделуін жақсартуға бағытталған сенсорлық интеграция, визуалды нұсқаулар мен рөлдік ойындар сияқты педагогикалық әдістердің тиімділігін бағалау [5, 10].

Зерттеу кезеңдері:

1. Бала мінез-құлқын инклюзивті ортада алдын ала бақылау арқылы әлеуметтену мәселелерін анықтау.

2. Сенсорлық интеграция және визуалды нұсқаулар сияқты қолдау әдістерін енгізу және олардың құжатталуы.

3. Бақылаулар мен педагогтар және ата-аналардың пікірлеріне сүйене отырып, баланың мінез-құлқындағы өзгерістерді бағалау.

4. Алынған нәтижелерді жинақтау және оларды басқа білім беру мекемелерінде қолдану мақсатында зерттеуді қосымша қатысушылармен кеңейту жоспары [16].

Зерттеуді кеңейту жоспары:

Магистрлік диссертацияны жазу барысында алынған деректерді салыстыру және жинақтау үшін АСБ диагнозы бар қосымша балаларды зерттеуге қосу жоспарлануда. Бұл қорытындылардың дәлдігін арттырып, инклюзивті ортадағы қолдау әдістерінің тиімділігін кең көлемде бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу әртүрлі жастағы топтармен жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибесін және АСБ диагнозы бар балаларды қолдауға арналған тәсілдерді талдауды қамтиды [8].

### **АСБ бар балалардың әлеуметтік мінез-құлқының ерекшеліктері**

АСБ бар балалар әлеуметтік салада көптеген қиындықтарға тап болады. Негізгі мәселелердің бірі — ым-ишара, мимика және интонация сияқты вербалды емес сигналдарды түсіндіру қабілеті [12, 2]. Көптеген балалар үшін бұл сигналдар қарым-қатынастың және эмоцияларды түсінудің маңызды құралы болып табылады, бірақ АСБ бар балалар көбінесе оларды тани алмайды немесе оларға сәйкесінше жауап бере алмайды [13]. Бұл диалог құруда және қоршаған ортамен қарым-қатынаста қиындықтарға әкеледі, әсіресе балабақша сияқты бейтаныс ортада [9].

Инклюзивті ортада бұл қиындықтар айқынырақ көрінеді, әсіресе топтық ойындарда, мұнда басқа балалардың мінез-құлқын "тану-сезіну" қабілеті маңызды рөл атқарады. Зерттелуші баланың жиі құрдастарының әрекеттеріне қалай дұрыс жауап беру керектігін түсінбейді, бұл оның байланыстардан немесе өзара әрекеттесуден қашақтауына әкеледі — бұл АСБ бар балаларға тән мінез-құлық ерекшелігі. Балалар сабақта немесе ойындарда күтпеген әлеуметтік жағдайларға тап болғанда оқшаулану мен енжарлық танытады.

Бірақ, үй жағдайында баланың мінез-құлқы айтарлықтай өзгеше болады. Ережелері түсінікті, таныс әрі болжамды ортада бауырларымен қарым-қатынас жасау оған ойындар мен өзара әрекеттесуге белсенді түрде қатысуға мүмкіндік береді. Мысалы, ол ойыншықтарымен қуана бөлісіп, бірлескен әрекеттерге қатысады, бұл оның қолайлы ортада әлеуметтік дағдыларды дамыта алатынын көрсетеді. Бұл Koegel және Koegel [5] зерттеуінде атап көрсетілгендей, АСБ бар балалар үшін құрылымдалған және қолдаушы ортаның маңыздылығын растайды.

Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік дағдыларды үй ортасынан оқыту ортасына көшіру қиыншылықтарға тап болуы мүмкін. Инклюзивті ортада қатысушылар саны көбейіп, әлеуметтік ережелер күрделене түскен кезде, АСБ бар балалар жиі абыржып, мазасыздық деңгейі жоғарылап, белсенділігі төмендейді [4].

Инклюзивті оқыту ортасы әлеуметтік дағдыларды үйренген ортадан мектеп немесе балабақша секілді күрделірек және болжауға қиын әлеуметтік контексттерге ауыстыруды қолдайтындай етіп арнайы бейімделуі қажет.

Әлеуметтік дағдылар – бұл адамдардың басқа адамдармен тиімді және дұрыс қарым-қатынас жасау қабілеті. Оған өз ойын түсінікті жеткізу, эмоцияларды басқару, басқаларды тыңдау, топта жұмыс істеу, сондай-ақ вербалды және вербалды емес қарым-қатынас әдістерін қолдану жатады. Әлеуметтік дағдылар жеке адамның қоғамда бейімделуіне және қоғаммен өзара әрекеттесуіне қажетті маңызды құрал болып табылады [12].

White, S. зерттеулері көрсеткендей, мұндай қолдаусыз АСБ бар балалар жаңа жағдайларға бейімделуде айтарлықтай қиындықтарға тап болады, бұл олардың оқшаулануын және мазасыздығын күшейтуі мүмкін.

Бұл мінез-құлық ерекшеліктері инклюзияда кешенді тәсілдің маңыздылығын көрсетеді, ол баламен жұмыс істеуді ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік ортаны баланың қажеттіліктеріне бейімдеуді қамтиды.

Зерттеу АСБ бар балалардың инклюзивті ортада әлеуметтенуіне арналған еңбектерге негізделеді. Мысалы, Guldberg [3] инклюзивті бағдарламалардың АСБ бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға қалай ықпал ететінін қарастырады. Ол табысты әлеуметтенудің маңызды факторы ретінде мұғалімдер мен құрдастардың рөлін атап көрсетеді, олар әлеуметтік мінез-құлықты үлгілеуде негізгі рөл атқарады. АСБ бар балалар құрдастарының іс-әрекеттерін бақылау және оларды қайталау арқылы үйренеді, сондықтан бұл өзара әрекеттерді бақылауға және түсінуге мүмкіндік беретін жағдай жасау тиімді инклюзияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Boutot [1] АСБ бар балаларды инклюзиялаудың табысты стратегияларын зерттеп, олардың алаңдаушылығын азайту үшін визуалды нұсқаулар мен сенсорлық қолдауды пайдаланудың қажеттілігін атап өтеді. Бұл тиімді инклюзия шамадан тыс сенсорлық жүктемесіз, балалардың болжамды және тұрақты ортада оқуына мүмкіндік беретін жағдай жасауды талап ететінін көрсетеді.

Koegel және Koegel [5] оқу ортасындағы сенсорлық интеграцияның және құрылымдалған қолдау әдістерінің маңыздылығына назар аударады, бұл АСБ бар балалар үшін қолайлы жағдай жасаудың қажеттілігін растайды. Сенсорлық үзілістер, сенсорлық ойыншықтарды қолдану және құрылымдалған кесте балалардың қабылдау қиындықтарымен күресуіне және алаңдаушылық деңгейін төмендетуіне көмектеседі, бұл олардың әлеуметтік мінез-құлқына оң әсер етеді.

Sigman M. және Capps L. зерттеулерінде бауырларымен отбасылық ортада өзара әрекеттесу аутизм спектрінің бұзылысы бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Үй жағдайында зерттелуші балалар өзін еркін және сенімді сезінеді, бұл оған бірлескен әрекеттер мен ойындарға белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Бұл ойыншықтармен бөлісу, кезек күту және бауырымен бірге тапсырмаларды орындау сияқты аспектілерде көрінеді. Бұл өзара әрекеттесулер негізгі коммуникативтік дағдыларды дамытады, олар кейін оқыту ортасына біршама көшіріледі [9].

Зерттеулер көрсеткендей, отбасылық орта әлеуметтік өзара әрекеттерді үлгілеуге жағдай жасайды, мұнда бала тікелей бақылау және қатысу арқылы үйренеді [12]. Бауырымен қарым-қатынас зерттелуші балалардан шешім қабылдауды және ынтымақтастықты талап етеді, бұл әлеуметтік бейімделудің маңызды бөлігі болып табылады. Мысалы, олар қай ойынды таңдайтынын бірге шешіп, бұл баланың ымыраға келу және қарым-қатынас дағдыларын жақсартады. Мұндай жағдайларда ол біртіндеп қарым-қатынаста бастамашылық таныта бастайды, бұл оның білім беру орындары секілді күрделірек әлеуметтік контексттерде қарым-қатынас жасау қабілетіне оң әсер етеді.

Үйдегі жетістіктерге қарамастан, бұл дағдыларды оқыту ортасы жағдайына көшіру жиі қиындықтармен бірге жүреді. Мысалыға алғанда: Балабақшада әлеуметтік өзара әрекеттесу әлдеқайда күрделі және болжап білуге қиын болып келеді: қатысушылар, ережелер және вербалды емес сигналдар саны артады. Бауырымен өзара әрекеттесу бірлескен ойындар мен өзара көмек негізін қалағанымен, ол инклюзивті ортада табысты бейімделу үшін қажет күрделірек дағдыларды дамытуда әрдайым жеткілікті бола бермейді. Үй жағдайында зерттелуші балалардың бауырының реакциясын және өзара әрекеттесуінің болжамдылығын жақсы білгендіктен, онымен оңайырақ қарым-қатынас жасайды.

Оқыту ортасында балалар саны көп және әрбір бала әртүрлі жауап беруі мүмкін жерде, бұл жағдай күйзеліс тудырады және тәрбиешілер тарапынан қосымша қолдауды қажет етеді. Koegel және Koegel [5] атап өткендей, АСБ бар балалар өз әлеуметтік дағдыларын қарапайым ортадан (үй сияқты) күрделірек және динамикалық әлеуметтік жағдайларға (балабақша сияқты) көшіру үшін құрылымдалған жаттығуларға мұқтаж.

Осылайша, бауырымен өзара әрекеттесу зерттелуші балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың маңызды факторы болып табылады, бірақ бұл дағдыларды оқыту ортасының ұжымына сәтті көшіру үшін қосымша қолдау қажет.

### **Инклюзивті орта және оның АСБ бар балаларға әсері**

Инклюзивті орта аутизм спектрінің бұзылысы бар балаларға қалыпты дамып келе жатқан құрдастарының мінез-құлқын бақылап, олардың өзара әрекеттерін қайталауға мүмкіндік береді [3]. Бұл үрдіс Sigman M. және Capps L., Dawson G және Raphael B. зерттеулерінде «әлеуметтік модельдеу» деп аталады және АСБ бар балалардың қарым-қатынас және мінез-құлық нормаларын біртіндеп меңгеруіне көмектеседі. Құрдастарының мінез-құлқын бақылау арқылы АСБ бар балалар еліктеу арқылы үйренеді, бұл әлеуметтік дағдыларды меңгерудің негізі болып табылады [9, 14].

Зерттеулер мұндай өзара әрекеттесулер әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал ететінін растайды, бірақ бұл үшін бала өзін жайлы әрі қауіпсіз сезінетін жағдайлар қажет. Ұстаздар бұл үрдісте белсенді рөл атқарып, балаға күрделі әлеуметтік ортаға бейімделуге көмектесетін құрылымдық қолдау көрсетуі маңызды [1]. Тәжірибе барысында, ұстаздар визуалды нұсқауларды, кестелерді және қадамдық нұсқаулықтарды қолданғанда, бұл АСБ бар балалардың топта жақсырақ бағыт-бағдар алуға және біртіндеп әлеуметтік мінез-құлқын жақсартуға көмектеседі. Мысалы, визуалды схемалар оған басқа балалармен қашан және қалай қарым-қатынас жасау керектігін түсінуге көмектеседі.

Инклюзивті ортаның артықшылықтарына қарамастан, сондай-ақ мұндай ортадағы артық ынталандыру АСБ бар бала үшін қатты күйзеліске айналатыны байқалды. Бір уақытта көптеген өзара әрекеттесулер болып жатқан балабақшаның көпқырлы ортасы зерттелуші балада сенсорлық шамадан тыс жүктемені тудыруы мүмкін, бұл алаңдаушылыққа және әлеуметтік белсенділіктің төмендеуіне әкеледі. Бұл Koegel және Koegel [5] зерттеулерінде атап өтілгендей, АСБ бар балаларға күн тәртібіне сенсорлық үзілістер енгізудің маңыздылығын растайды. Сенсорлық үзілістер — бұл баланың артық ынталандырудан демалып, эмоционалды тепе-теңдігін қалпына келтіре алатын уақыты. Мысалы, сенсорлық ойыншықтармен жабдықталған тыныш аймақтар баланың күйзелісті төмендетіп, үзілістен кейін балалармен қайта қарым-қатынасқа түсуіне көмектеседі.

Сондай-ақ инклюзивті орта қолдау жеткіліксіз немесе дұрыс құрылмаған жағдайда АСБ бар балалар үшін қиындықтар тудыруы мүмкін екенін атап өткен жөн. Boutot зерттеулері көрсеткендей, педагогтардың дайындығы аз болса, АСБ бар балалар оқу үрдісіне және әлеуметтік өзара әрекетке толықтай қатыспай, оқшауланып қалады. Инклюзия тек сыныпта физикалық қатысуды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік өзара әрекетке белсенді қатысуды қамтуы керектігін көрсетеді [1].

Осылайша, инклюзивті орта АСБ бар балалардың дамуына үлкен мүмкіндіктер бере алады, бірақ табысты бейімделу үшін дұрыс ұйымдастырылған және қолдаушы құрылым қажет. Әр баланың жеке қажеттіліктерін ескеру, визуалды нұсқаулықтар мен сенсорлық үзілістерді енгізу, сондай-ақ баланың әлеуметтік модельдерді бақылап, үйренетін кеңістік құру маңызды.

### **АСБ бар балаларды инклюзивті ортада қолдау әдістері**

АСБ бар балаларды инклюзивті ортада тиімді әлеуметтендіру құрылымдалған қолдау әдістерін қолданбау мүмкін емес. Мұндай қолдаудың негізгі элементтерінің бірі — сенсорлық интеграция. АСБ бар балалар жиі сенсорлық шамадан тыс жүктемелерге тап болады, қоршаған ортадағы дыбыс, жарық, иіс сияқты тітіркендіргіштер оларда алаңдаушылық пен дезориентацияны тудырады [5, 11]. Зерттелуші бала үшін сенсорлық ойыншықтарды қолдану және жүйелі түрде сенсорлық үзілістер жасау қолдаудың маңызды бөлігіне айналды. Бұл үзілістер күн тәртібіне енгізіліп, оның эмоционалды тепе-теңдігін қалпына келтіріп, күйзеліс деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Мысалы, сыныптағы шу немесе белсенділік артып кеткен сәттерде, тыныш аймаққа барып, сенсорлық материалдарды пайдалану оның жағдайын бақылауда ұстауға және оқуын жалғастыруға көмектеседі.

Тағы бір маңызды әдіс — АСБ бар балаларға күнделікті оқиғаларды түсінуге және мінез-құлқын құрылымдауға көмектесетін визуалды қолдау [1]. Суреттері бар күнтізбелер,

нұсқаулық карталар мен іс-әрекет схемалары балама болжауға болатын және реттелген орта сезімін береді, бұл оның алаңдаушылығын азайтады. Көптеген АСБ бар балалар үшін бір әрекеттен екіншісіне көшу нақты сигналдарсыз күйзеліс болуы мүмкін. Мысалы, әрбір іс-әрекеттен кейін не болатыны туралы визуалды нұсқауларды пайдалану, оның бір әрекеттен екіншісіне жеңіл көшуіне және кенеттен туындаған күйзелістен құтылуына көмектеседі.

Сонымен қатар, қалыпты әлеуметтік жағдайларды, мысалы, сәлемдесу немесе бірлескен ойын сияқты сценарийлерді үлгілеу үшін рөлдік ойындар әдісі де қолданылады [5]. Бұл ойындар АСБ бар балаларға нақты қарым-қатынасқа дейін әлеуметтік дағдыларды қауіпсіз және бақыланатын ортада жаттықтыруға мүмкіндік береді. Koegel және Koegel зерттеуі көрсеткендей, қарым-қатынас сценарийлерін үлгілеу баланың диалогты қалай бастау немесе басқа балалармен әңгімені қалай жалғастыру керектігін түсінуіне көмектеседі. Мысалы, ол басқа балалармен ойын бастау үшін қолданатын фразаларды үйреніп, балабақшадағы әлеуметтік ортасында сенімділігін арттырды [5].

Мұғалімнің рөлі инклюзияның сәтті болуы үшін де өте маңызды. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, сыныптағы әлеуметтік өзара әрекеттердің модераторы болуы тиіс. Мысалыға, тәрбиеші АСБ бар балаларға әлеуметтік ережелерді түсінуге және қолдануға, сондай-ақ қоршаған ортадан алынатын вербалды емес сигналдарға жауап беруге көмектеседі. Балабақшада тәрбиешінің белсенді рөлі баланың әлеуметтенуіне айтарлықтай әсер етті.

Келесі жағдайларда, мұғалім оның басқа балалардың вербалды емес сигналдарына тез жауап беруін талап ететін жағдайларда қажетті нұсқаулар беріп, қолдау көрсетті. Мысалы, басқа балалармен ойын барысында мұғалім оған кезектілікті еске салып, басқа балалардың қимылдарына қалай жауап беру керектігін түсіндіріп отырады, бұл баланың топқа жақсырақ бейімделуіне және күйзелістен аулақ болуына көмектеседі.

Бұл қолдау әдістері — сенсорлық интеграция, визуалды нұсқаулар, рөлдік ойындар және мұғалімдердің белсенді қатысуы — АСБ бар балаларды инклюзивті ортада сәтті әлеуметтендірудің негізгі элементтері болып табылады.

### **Эмпирикалық зерттеу**

Инклюзивті оқыту ортасындағы АСБ бар балалардың әлеуметтік мінез-құлқының ерекшеліктерін қарастырып, олардың әлеуметтенуін жақсартып, ұжымға бейімделуіне ықпал ететін тиімді қолдау әдістерін анықтау үшін эмпирикалық зерттеу жүргізу – бұл байланысты тереңірек түсініп, балалардың әлеуметтік мінез-құлқының дамуын қолдаудың тиімді стратегияларын болашақ зерттеуге әзірлеуге арналған маңызды қадам. Зерттеу Алматы қаласындағы Бөбекжай-балабақша негізінде жүргізілді.

Эксперименттік таңдамаға инклюзивті топта білім алатын 28 бала кірді. Олардың ішінде 1 балаға «атиптік аутизм» диагнозы және 1 қыз балаға «аутистік белгілері бар психикалық дамуы тежелуі (ПДР)» диагнозы қойылып, зерттеу жүргізуге арналған негізгі эксперименттік топты құрады. ПМПК (Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия) қорытындысы бойынша, екі балаға да арнайы білім беру шарттары мен қолдау әдістерін талап ететін бұзылулар бар. Қалған 26 бала, қалыпты дамыған балалар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың құрдастары арасындағы өзара әрекеттестіктерді бақылау үшін бақылау тобы ретінде қатысты.

Әлеуметтік өзара әрекеттесу деңгейін диагностикалау үшін басқа балалармен байланыс сапасы мен санына, топтық ойындарға қатысуына, сондай-ақ визуалдық және сенсорлық тітіркендіргіштерге реакциясына бақылау жүргізілді.

Алғашқы бақылау кезеңінде келесі нәтижелер тіркелді: атиптік аутизм және психикалық дамуы тежелген балалар жоғары алаңдаушылық пен шектеулі әлеуметтік өзара әрекеттесуді көрсетті. Олар ойындарға сирек қатысып, басқа балалармен байланысудан қашқақтады. Бұл нәтижелер Лебединская К.С. және Никольская О.С. [23] зерттеулерімен сәйкес келеді, онда аутизмі бар балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуде қиындықтарға тап болып, жаңа



адамдармен немесе бейімделуді қажет ететін жағдайларда мазасыздықты сезінетіні көрсетілген.

Айрес Э. Джиннің зерттеулері сенсорлық интеграцияның бұзылуы бар балалар сенсорлық сигналдарды қабылдау және өңдеуде қиындықтарға тап болатынын, бұл олардың эмоционалдық күйі мен әлеуметтену қабілетіне әсер ететінін көрсетті. Айрес сенсорлық интеграцияның аутизмі бар балаларға қоршаған ортаны жақсырақ қабылдауға және алаңдаушылықты төмендетуге көмектесетінін айтқан [16].

Әдеби деректер көрсеткендей, сенсорлық интеграция және визуалды ұсынылатын көмек әдістері балалардың мазасыздық деңгейін төмендетуде тиімділігін дәлелдеген. Трубникова Н.М. және Колесникова Л.Р. айтуынша, сенсорлық тітіркендіргіштер мен көру кестелерін қамтитын құрылымдалған қолдау балаларға топтық ойындарда жақсырақ бағдарлауға және әлеуметтік өзара әрекеттесуді жақсартуға көмектеседі. Бұл әдістер аутизмі бар балаларға оқу ортасында өздерін сенімдірек сезінуге мүмкіндік береді. Сенсорлық интеграция мен құрылымдалған ойын қызметін қолдану алаңдаушылық деңгейін төмендетуге және аутистикалық спектрдің бұзылулары бар балалардың әлеуметтік бейімделуін жақсартуға ықпал ететінін растады [22]. Авторлар сенсорлық және мінез-құлық бұзылулары айқын көрінетін балалар үшін жеке тәсілдің маңыздылығын атап өтті.

Алғашқы бақылау кезеңінде балалардың мұғалімдермен және құрдастарымен қарым-қатынас деңгейі ең төменгі дәрежеде болды, бұл Лебединская К.С. және Никольская О.С. тұжырымдарымен сәйкес келеді [22]. Бұл авторлар АСБ бар балалардың әлеуметтік байланыстарды қалыптастыруда және мұғалімдермен, жалпы ересектермен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болатынын атап көрсетеді.

### **Қолдау әдістері**

Бұл зерттеу құрылымдалған қолдау әдістерінің, мысалы сенсорлық интеграция, визуалды нұсқау беру және рөлдік ойындардың атиптік аутизм және ПДТ бар балалардың инклюзивті оқыту ортасында әлеуметтік бейімделуіне әсерін зерттеуге бағытталған. Оның негізінде Э. Джин Айрес, Gray C, Schopler E, Partinger S. және Anderson K. сияқты авторлардың еңбектері жатыр [16, 19, 20], олар бұл әдістердің мазасыздықты төмендету және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін жақсартудағы тиімділігін көрсетті.

Үш апта бойы балалар үшін келесі құрылымдалған қолдау әдістері қолданылды:

#### **1. Сенсорлық интеграция**

Мазасыздық деңгейін төмендету және балалардың эмоционалдық жағдайын жақсарту үшін сенсорлық ойыншықтар, жұмсақ заттар қолданылып, тыныш аймақтар ұйымдастырылды. Э. Джин Айрес сенсорлық интеграцияның АСБ бар балаларға қоршаған ортаны жақсырақ қабылдауға және алаңдаушылықты төмендетуге көмектесетінін көрсетті.

#### **Экспериментте келесі сенсорлық интеграция әдістері қолданылды:**

- *Текстуралармен ойындар:* балалар түрлі материалдарды (құм, саз, су) ұстап, тактильді дағдыларын дамытып, сенсорлық тітіркендіргіштерге бейімделді. Schaff R. C. [17] мұндай жаттығулардың алаңдаушылықты төмендетіп, АСБ бар балалардың когнитивтік дағдыларын жақсартатынын көрсетті.
- *Сенсорлық ойыншықтар:* әртүрлі текстура мен салмақтағы заттар жанасуды ынталандыру және қозғалыс үйлестіруін дамыту үшін қолданылды.
- *Тепе-теңдікті жаттықтыру:* жұмсақ маттар мен тепе-теңдікті жаттықтырушы заттар қозғалыс үйлесімін және дененің кеңістіктегі орнын сезінуді жақсартуға көмектесті.

#### **2. Визуалды нұсқау беру**

Визуалды нұсқау тапсырмаларын құрылымдап, балалардағы күйзелісті төмендетіп, оқиғаларды алдын ала болжауға мүмкіндік берді. Gray C. "әлеуметтік әңгімелер" әдісін

әзірледі, ол АСБ бар балаларға әлеуметтік ортада жақсырақ бағдар алуға және мазасыздықты төмендетуге көмектеседі [18].

#### **Қолданылған әдістер:**

- Күннің кезеңдерін суреттейтін кестелер (ойын, түскі ас және т.б.) арқылы көру кестелері балалардағы алаңдаушылықты төмендетіп, күнделікті өмірде бағдарлауды жақсартты. Бұл әдіс Schopler E., Mesibov G., Baker A. әзірлеген TEACCH бағдарламасына сәйкес келеді [19].

- Әрекеттер бейнеленген карточкалар: олар балаларға белгілі бір әлеуметтік жағдайларда, мысалы, амандасу немесе ойыншықтармен алмасу кезінде қалай әрекет ету керектігін көрсету үшін қолданылды.

### **3. Рөлдік ойындар**

Рөлдік ойындар күнделікті әлеуметтік жағдайларды модельдеп, балаларда қарым-қатынас дағдыларын дамытты. Partinger S. және Anderson K. мұндай ойындар АСБ бар балалардың әлеуметтік дағдыларын жақсартуға ықпал ететінін және олардың әлеуметтік өзара әрекеттесулерді тәжірибе жүзінде сынап көруге арналған қауіпсіз орта жасайтынын көрсетті [20].

#### **Қолданылған ойын түрлері:**

- *«Амандасу»*: балалар амандасу мен қарым-қатынас жасауды үйреніп, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын дамытты.

- *«Ойыншықтармен алмасу»*: балалар ойыншықтармен алмасуды үйреніп, өзара әрекеттесу дағдыларын жетілдірді. Әдіс Koegel L. K. және Koegel R. L. әзірлеген Pivotal Response Treatment (PRT) бағдарламасына негізделген, ол АСБ бар балаларды оқыту үшін ойынға негізделген өзара әрекеттесуді қолданады [21].

- *«Сюжеттік рөлдік ойындар»*: балалар дүкенге бару сияқты әлеуметтік рөлдер мен өзара әрекеттесулерді түсінуге көмектесетін жағдайларды модельдеді.

#### **Нәтижелері**

Үш апта бойы сенсорлық интеграция, визуалды нұсқаулар және рөлдік ойындар қолданылғаннан кейін келесі өзгерістер байқалды:

- Атиптік аутизмі бар ұл балада топтық ойындарға қатысу және балалармен өзара әрекеттесу 50%-ға артты, ал мазасыздық эпизодтары азайды. Бұл нәтижелер Schaff R. C. зерттеулерін растайды, ол сенсорлық интеграцияның АСБ бар балалардың әлеуметтік дағдыларына әсерін зерттеген [17].

- ПДТ бар қызда рөлдік ойындар мен визуалды нұсқаулар әлеуметтік сигналдарды түсіну және ойындарға белсенді қатысу деңгейін едәуір жақсартты, бұл Gray C. еңбектерімен сәйкес келеді [18].

#### **Қорытынды диагностика нәтижелері**

- *Сөйлеуді имитациялау*: 60% балаларда сөйлеуді еліктеуде жақсартулар тіркелді. Топтық ойындарға қатысу 40%-ға артты.

- *Артикуляциялық аппарат моторикасы*: 60% балаларда артикуляциялық жаттығуларды орындау дағдылары жақсарды, бұл сенсорлық интеграцияның моторлық функцияларға оң әсерін көрсетеді.

- *Импрессивті сөйлеу*: 60% балаларда сөйлеуді және күнделікті бұйрықтарды қабылдау жақсарды, бұл күйзелістің төмендегенін және коммуникативтік дағдылардың артқанын көрсетеді.

Эксперимент сенсорлық интеграция, визуалды нұсқаулар және рөлдік ойындарды қолдана отырып, түзету және дамыту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру атиптік аутизм және ПДТ бар балалардың әлеуметтік мінез-құлқын айтарлықтай жақсартатынын көрсетті. Бұл нәтижелер Айрес Э. Джин, Gray C., Schopler E. және Partinger S. зерттеулерінде растайды, олар бұл әдістердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларда мазасыздықты төмендетуге және әлеуметтік өзара әрекеттесуді жақсартуға тиімді екенін дәлелдеді.

## Қорытынды

АСБ бар балалардың инклюзивті ортада әлеуметтік бейімделуі — бұл күрделі, көп деңгейлі үрдіс, ол кешенді тәсілді және тұрақты қолдауды қажет етеді. Әрбір АСБ бар бала бірегей, және олардың сәтті бейімделуі жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеретін мұқият таңдалған әдістерге байланысты. Зерттелуші баланың бауырларымен және құрдастарымен өзара әрекеттесу тәжірибесі көрсеткендей, сенсорлық интеграция, визуалды нұсқаулар және рөлдік ойындар сияқты әдістер әлеуметтік дағдыларды айтарлықтай жақсартып, оқыту ортасында күйзелісті төмендете алады.

Педагогтардың белсенді қатысуымен үйлескенде, зерттеулердегі [1,5] әдістердің тиімділігін расталады. Сенсорлық интеграция әлеуметтенуге кедергі келтіретін сенсорлық шамадан тыс жүктемелермен күресуге көмектеседі, визуалды нұсқаулар оқиғалардың ауысуын жеңілдетеді және оларды болжамды етеді, ал рөлдік ойындар әлеуметтік дағдыларды үйренуге қауіпсіз жағдай жасайды. Бұл стратегиялар АСБ бар балалардың сенімдірек болып, басқа балалармен сәтті қарым-қатынас жасауына негіз болады.

Бұл тәжірибелерден алынған негізгі сабақтардың бірі — инклюзивті орта әр баланың ерекше қажеттіліктеріне үнемі бейімделіп, оларға көңіл бөлуі қажет. АСБ бар балаларды әлеуметтендіруге арналған әмбебап тәсіл жоқ, сондықтан инклюзиялық бағдарламалар әр жағдайға бейімделетін және баланы әртүрлі жағдайда қолдайтын болуы керек. Әлеуметтік бейімделуді жақсартуға бағытталған түрлі әдістер мен стратегияларды біріктіру АСБ бар балаларға қиындықтарды жеңуге және ұжымға сәтті интеграциялануға мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде оларды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде дамытуға ықпал етеді.

Осы кешенді тәсілдің арқасында инклюзивті орта АСБ бар балалар үшін қолжетімді әрі пайдалы болып, олардың маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуына, қиындықтарды жеңуіне және оң қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыруына көмектеседі.

Аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалардың инклюзивті оқыту ортасындағы әлеуметтік мінез-құлқының ерекшеліктерін талдау және инклюзивті оқыту жағдайында балалардың әлеуметтенуін жақсартуға және бейімделуіне қолдау көрсету әдістерінің тиімділігін бағалау болды. Зерттеу әдістері АСБ бар баланың әртүрлі оқыту және әлеуметтік жағдайлардағы мінез-құлқын бақылауды, педагогтармен және ата-аналармен сұхбат жүргізуді, сондай-ақ сенсорлық интеграция, визуалды нұсқаулар және рөлдік ойындар сияқты педагогикалық әдістердің тиімділігін талдауды қамтыды.

Негізгі нәтижелер АСБ бар балалардың әлеуметтенуде айтарлықтай қиындықтарға тап болатынын, әсіресе топтық ойындар мен құрдастарымен өзара әрекеттесуде қиындықтар туындайтынын көрсетті. Негізгі мәселелердің бірі — қимылдар мен ым-шара сияқты вербалды емес сигналдарды дұрыс түсіне алмау. Сенсорлық интеграция және визуалды нұсқаулар сияқты әдістерді қолдану баланың алаңдаушылық деңгейін төмендетіп, оқу ортасындағы мінез-құлқын жақсартуға көмектесті, дегенмен бұл дағдыларды күрделірек әлеуметтік контексттерге сәтті көшіру үшін педагогтар мен ата-аналардың қосымша қолдауы қажет.

Қорытындылай келе, инклюзивті орта құрылымдалған қолдау әдістерін қолданған жағдайда АСБ бар балалардың әлеуметтік дамуын айтарлықтай жақсарту алатынын көрсетеді. Бұл алаңдаушылық деңгейінің төмендеуімен және АСБ бар балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуінің жақсаруымен расталады. Сәтті әлеуметтенудің маңызды бөлігі — әрбір баланың жеке қажеттіліктеріне сәйкес педагогикалық стратегияларды бейімдеу, сондай-ақ педагогтар мен ата-аналардың тығыз ынтымақтастығы. Осы зерттеу нәтижелерін болашақ зерттеулерде қолдану үшін, ақпаратты жинақтап, зерттелушілер ауқымын кеңейту, сондай-ақ инклюзивті ортаны жетілдіру жоспарлануда.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Boutot, E. A. Inclusion and Autism Spectrum Disorder: Proactive Strategies to Ensure Success. Austin: Pro-Ed, 2017.*

2. Frith, Uta. *Autism: Explaining the Enigma*. 2nd ed. Oxford: Wiley-Blackwell, 2003.
3. Guldberg, Karen. "Educating Children on the Autism Spectrum: Preconditions for Inclusion and Notions of 'Best Autism Practice' in the Early Years." *British Journal of Special Education* 37, no. 4 (2010): 168–174.
4. Kasari, Connie, Stephannie Freeman, and Tanya Paparella. "Early Intervention in Autism: Joint Attention and Symbolic Play." *Journal of Autism and Developmental Disorders* 31, no. 4 (2001): 285-292.
5. Koegel, Robert L., and Lynn Kern Koegel. *The PRT Pocket Guide: Pivotal Response Treatment for Autism Spectrum Disorders*. Baltimore: Brookes Publishing, 2019.
6. Lord, Catherine, and Somer L. Bishop. "Autism Spectrum Disorder: Diagnosis, Epidemiology, and Intervention." *Neuron* 88, no. 5 (2015): 1130-1142.
7. Pellicano, Elizabeth, and David Burr. "When the World Becomes 'Too Real': A Bayesian Explanation of Autistic Perception." *Trends in Cognitive Sciences* 16, no. 10 (2012): 504-510.
8. Rogers, Sally J., and Geraldine Dawson. *Early Start Denver Model for Young Children with Autism: Promoting Language, Learning, and Engagement*. New York: Guilford Press, 2010.
9. Sigman, Marian, and Lisa Capps. *Children with Autism: A Developmental Perspective*. Cambridge: Harvard University Press, 1997.
10. Schreibman, Laura. *The Science and Fiction of Autism*. Cambridge: Harvard University Press, 2005.
11. Volkmar, Fred R., Rhea Paul, Ami Klin, and Donald J. Cohen, eds. *Handbook of Autism and Pervasive Developmental Disorders, Volume 1: Diagnosis, Development, Neurobiology, and Behavior*. 4th ed. Hoboken: Wiley, 2014.
12. White, Susan W., Keonig, Kate, and Lawrence Scahill. "Social Skills Development in Children with Autism Spectrum Disorders: A Review of the Intervention Research." *Journal of Autism and Developmental Disorders* 37, no. 10 (2007): 1858-1868.
13. Baron-Cohen, Simon. "Autism: The Empathizing-Systemizing (E-S) Theory." *Annals of the New York Academy of Sciences* 1156, no. 1 (2009): 68-80.
14. Dawson, Geraldine, and Raphael Bernier. "Development of Social Brain Circuitry in Autism." *Developmental Psychopathology* 25, no. 4 (2013): 1389-1409.
15. Howlin, P., & Rutter, M. *Autism and Asperger Syndrome*. New York: Cambridge University Press, 2005.
16. Айрес Э. Джин. "Ребенок и сенсорная интеграция". Москва: Теревинф, 2018.
17. Schaff R. C., et al. "An intervention for sensory difficulties in children with autism: a randomized trial." *Journal of Autism and Developmental Disorders*, 44, 2014.
18. Gray C. *The New Social Story Book. Future Horizons*, 2010.
19. Schopler E., Mesibov G., Baker A. *The TEACCH Approach to Autism Spectrum Disorders*. Springer US, 2005.
20. Partinger S., Anderson K. "Role-play and Social Skills in Children with Autism." *Developmental Psychology*, 2016.
21. Koegel L. K., Koegel R. L. *Pivotal Response Treatments for Autism: Communication, Social, and Academic Development*. Brookes Publishing, 2006.
22. Трубникова Н. М., Колесникова Л. Р. "Методические рекомендации по развитию речи детей с РАС." Екатеринбург: Уральский педагогический университет, 1998.
23. Лебединская К.С., Никольская О.С. "Аутизм у детей: клиника и терапия". Москва: Медицина, 1991.